ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№13 (3441) 15 ақпан 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАРАЛЫ 40 КҮН

«Қасіретті қаңтар» атанған қаралы оқиғаның орын алғанына қырық күн өтті. Соңы бүлікке ұласқан бейбіт шерудің бүгінде себеп-салдары анықталуда. Жоқ түгенделер, жыртық бүтінделер. Бірақ, мезгілсіз көз жұмған 227 боздақтың өлімі ақтаңдақ болып әлі талай алдымыздан шығары ақиқат.

Күні кеше Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Хазірет Сұлтан мешітіне барып, қаңтар оқиғасы кезінде қайтыс болған азаматтардың рухына құран бағыштады. Көпшілік алдында сөйлеген Президент: «Қаза болған адамдардың жақындарына тағы да көңіл айтамын. Мемлекет қаралы шаңырақтарды қараусыз қалдырмайды. Мен қайтыс болған азаматтардың отбасыларына қаржылай көмек көрсетуді тапсырдым», – деді.

Жақынынан ажырағандарға бұл да демеу. Бұған қоса қоғам тергеуде жатқан азаматтардың ісі әділ сарапталғанын, азаптауға жол берілмеуін сұрап отыр. Зайырлы қоғамда азаматтардың құқығы тапталмауы керек. Бұл мәселе де Президент назарында тұр.

Ал біз «қасіретті қаңтар» оқиғасынан не түйдік? Жағдай қайталанбас үшін болашақта неге назар аударуымыз керек. Осы сауалды ел алдында жүрген аға-апаларымызға қойған едік.

(Жалғасы 5-бетте)

ТУРА ТӨРЕЛІК БЕДЕЛДІ НЫҒАЙТАДЫ

2-бет

ТІЛДІ ШҰБАРЛАУ – АРДЫ ШҰБАРЛАУ

4-бет

ҮМІТ ПЕН КҮДІК

8-бет

МӘСЕЛЕ

ӘКІМДЕРДІҢ ЕСЕП БЕРУ ЖИЫНЫ ҚАЛАЙ ӨТУІ КЕРЕК?

Ашық Үкімет порталында «Әкімдердің халықпен тұрақты кездесулер өткізу туралы» құжатының жобасы жарияланды. Құжатта Президент Жарлығы бойынша әкімдер кездесулерге қалай дайындалып, оларды қалай жариялап отыру керектігі, халықпен жергілікті басшылар қанша уақыт аралығында кездесіп тұруы керектігі, есеп беру жиындарында неше уақыт сөйлеп, не мәселелерді талқыға салу керектігі айтылған. Ашық Үкімет порталында жарияланған жоба 16 ақпанға дейін қоғамдық жария талқыға шығарылған.

Мұндай құжат бұған дейін де болған. Атқарушы билік өкілдері бұған дейін сол нұсқаулықтар негізінде жұмыс істеп келді. Алайда, қаңтардағы жағдай бұндай шоу сипатындағы есеп берулердің заманы өткенін, әкімдердің тек сандарға ғана сүйенетін сала құлаш баяндамаларын оқып кететін кезеңдерінің келмеске кеткенін көрсетті. Қаңтар оқиғасынан кейінгі айда жарияланған құжатта қандай мәселелер айтылады, оның бұрынғы нұсқаулықтардан айырмасы қандай? ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әзірлеген «Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен тұрақты кездесуін ұйымдастыру және өткізу туралы» құжат барлық деңгейлі әкімдер жұмысын жыл бойы халықпен тұрақты көшпелі кездесу өткізу керектігінен басталады.

Қоғамды одан әрі демократияландыру, халықты елде жүргізіліп жатқан реформалардан хабардар ету, жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын, жауапкершілігін арттыруды мақсат ететін құжатта «Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттарын және нақты мерзімдерін көрсете отырып, өзекті проблемаларды шешудің жолдарын түсіндіру» міндеті жайлы айтады. Және бұл міндетті онлайн платформалар арқылы, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өңірлік баспа басылымдарында, радиода, ресми интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында, ашық деректер интернет-порталында, сондай-ақ, әкімдіктердің (әкімдер аппараттарының) ресми аккаунттарында және әкімдердің жеке аккаунттарында» әкімдер мен әкімдік қызметкерлері атқаруы керектігі нақтыланған.

(Соңы 3-бетте)

ПАРЛАМЕНТ

ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ИЕЛЕРІН ҚОЛДАУ ТӨМЕН

ҮКІМЕТ ХАЛЫҚТЫ АЛАҢДАТҚАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ ШЫНДАП БЕТ БҰРҒАНДАЙ. ЖУЫРДА ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНДЕ ТҰСАУЫ КЕСІЛГЕН «ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ ОСЫНЫ АҢҒАРТТЫ.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі бөлігін шағын ауыл шаруашылығы құрылымдары мен жеке қосалқы шаруашылықтар өндіретіні ешкімге құпия емес.

(Соңы 4-бетте)

БАҚЫЛАУ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛДЫ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1-бабының 1-1-бөлігі бойынша (денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру) азаматша Т-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі іс Бұланды аудандық сотына келіп түскен.

Полиция қызметкері әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада азаматшаның үш жастағы қызын шаш бұйралайтын ыстық құралмен күйдіргенін мәлімдеген.

Сарапшының қорытындысы бойынша жас баланың бетінде қолдарының бастары, бөксе аймағы, сандары мен сирағының I-II дәрежелі термиялық күю белгілері байқалған.

Сот анасының әрекеттерінде қылмыстық жазалау белгілері бола тұра, полиция қызметкері осы құқықтық жағдайды әкімшілік құқық бұзушылық ретінде заңсыз саралады деген тұжырымға келді.

Одан басқа хаттаманы толтыру кезінде аудандық полиция бөлімі тарапынан болған әуре-сарсаңда жас баланың құқықтары бұзылды.

Нәтижесінде істе заңбұзушылық жағдайы болғанымен полицейлер тарапынан формальды түрде немқұрайлылық байқалған. Сондықтан сот жоғарыда көрсетілген мән-жайлар бойынша өндірісті тоқтатып, Т-ны қылмыстық жауаптылыққа тарту жөніндегі мәселені шешу үшін істі прокурорға жолдады.

Бұдан бөлек, кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тарту мақсатымен Бұланды аудандық полиция бөлімі бастығының атына жеке қаулы шығарды.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,
Бұланды аудандық сотының төрағасы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

МҰРА

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

«Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ» дейді Ғабит Мүсірепов. Сондықтан туған тілдің тұғырын биіктету – әрбір қазақ үшін аса маңызды. Тіл – халықтың жан-дүниесі, рухани негізі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын басты күш.

Мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі деген жөн. Тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өзінің азаматтық міндетін атқарғанда ғана ол нәтижелі болатынына күн сайын көз жетіп келеді. Халықтың мәдениеті оның тілімен жасалатыны белгілі. Тіл тек қана қатынас құралы емес, ұлттың бар сипатын анықтайтын оның негізі кілті. Қазақ – дана халық.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді» – деп мәлімдеген.

Үкімет қаулысымен тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикасы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу.

Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Қазір күнделікті жүргізіліп жатқан іс-қағаздар, өткізіліп жатқан семинар-кеңестер қазақ тілінде орындалуда, міне осының өзі мемлекеттік тілге деген құрмет оны әрі қарай дамытуға қосып жатқан үлес деп білемін және мемлекеттік тілге деген қамқорлықтың оны дамытудың белгісі деп ойлаймын.

А. ЖАКУПОВ,
Көкшетау қаласы
мамандандырылған
тергеу сотының судьясы

БІЛГЕН ЖӨН

ТАЛАП ҚОЮ ТӘРТІБІ

Негізі сот шешімі мен үкіміне наразылық білдіру, яғни талап қою жазбаша және электрондық құжат нысанында бірінші сатыдағы сотқа беріледі.

ҚР кейбір заңнамалық актілерге азаматтық-процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені мәлім. Дерекке дәйектеме келтірсек, Азаматтық процестік кодексіне «талап арыз», «талап арызда», «талап арызға», деген сөздер тиісінше «талап қою», «талап қоюды», «талап қоюға» деген сөздермен ауыстырылған. Алматы облысының №2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына ҚР АПК-нің 27-бабы 3-тармағына сәйкес соттылығы бойынша жататын істер мысал ретінде, баланың тұрғылықты жерін айқындау туралы талап қою; ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау және басқа адамдарда болатын баланы айырып алу туралы талап қою; ата-ана құқықтарынан айыру (оларды шектеу) және оларды қалпына келтіру туралы туралы талап қою; бала асырап алу және оның күшін жою туралы талапты; сол сияқты т.б. талап арыздар «талап қою» сөздерімен ауыстырылған.

Азаматтық процесстік кодекстің 148-бабына сәйкес, арызда талап қою берілетін соттың атауы, талап қоюшының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның туған күні, тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, ал егер талап қоюшы заңды тұлға болса, онда оның толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі мен банктік деректемелері; егер арызды өкіл берсе, өкілдің атауы мен оның мекенжайы көрсетілуге тиіс. Арызда, егер бар болса, талап қоюшы мен өкілдің ұялы байланысының абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс. Жауапкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға белгілі болса), егер жауапкер заңды тұлға болса, онда оның толық атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері (егер олар талап қоюшыға белгілі болса) мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға белгілі болса) көрсетілуі тиіс. Арызда, егер талап қоюшыға белгілі болса, жауапкердің ұялы байланысының абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс.

Азаматтың құқықтары мен бостандықтарын немесе талап қоюшының заңды мүдделерін және талап қоюшының талаптарын бұзудың немесе бұзу қаупінің мәні, талап қоюшы өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар, сондай-ақ, осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелердің мазмұны, егер бұл заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе, жауапкерге жүгінудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау туралы мәліметтер, тарап (тараптар) қабылдаған, татуласуға бағытталған әрекеттер туралы мәліметтер, егер мұндай әрекеттер қабылданған болса, талап қою бағалауға жатса, талап қоюдың бағасы, сондай-ақ, өндіріп алынатын немесе дауланатын ақшалай сомалардың есебі, талап қоюға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілуі тиіс.

Талап қоюға талап қоюшы немесе талап қоюға қол қоюға өкілеттігі болған кезде оның өкілі қол қояды. Талап қою электрондық құжат нысанында берілген кезде ол талап қоюшының немесе оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Балым ҚҰСАЙЫНОВА,
Алматы облыстық №2 кәмелетке
толмағандар істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық соты
кеңсесінің бас маманы

БЕЛЕС

ХАТШЫ – САЛА АЙНАСЫ

Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп функционалды және сонымен бірге қызықты.

Сот мәжілісінде хатшы көзге түспейтін позицияны иеленеді, бір қарағанда ол сот отырысына қатысушылардың барлық әрекеттерін, түсініктемелерін жазып алатындай және одан басқа ештеңе жасамайтын сияқты.

Бірақ, сот талқылауының дұрыс ұйымдастырылуы, сот құжаттарының, сот отырысының хаттамаларының дұрыс, анық, сауатты жазылуы, бұл өз кезегінде іс бойынша белгілі бір дәрежеде дәлел болып табылатыны да соған байланысты. Сондай-ақ, хатшы тараптардың келуін қамтамасыз етеді, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді рәсімдейді, сот актілерін, атқару парақтарын жібереді және іс қағаздарын жүргізу ережесіне сәйкес жұмыстанады. Азаматтар тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу, сот жүйесінің жұмысы мен имиджі, сот отырысы хатшысының ұйымдастырған жұмысына, оның жауапкершілігіне, сауаттылығына, адалдығы мен дәлдігіне байланысты.

Жаролла СЕРІКЖАН,
Қаратөбе аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МҮДДЕ

Судья сот төрелігін жүзеге асыру барысында қоғамның заң қызметкерлерінің адамгершілік және ізгілік қасиеттеріне қоятын талаптарын ескеруі қажет. Өйткені ол халықтың сот билігіне деген сенімін нығайтып, өзінің жүріс-тұрысымен тәртіптің жоғары стандарттарына ұмтылуы тиіс. Бұл судьялардың адал қызмет атқаруына күш береді.

ТУРА ТӨРЕЛІК БЕДЕЛДІ НЫҒАЙТАДЫ

Осы ретте сот төрелігі дегеніміз – судьяның және сот органдарының әрбір азаматтық, қылмыстық істерді әділ шешу үшін заңға негізделген объективтілігі, жан-жақтылығы, бейтараптылығы, әділдігі. Сондықтан да, судьяларға қойылатын талап өте жоғары. Үкімді жеткілікті деңгейде шығару үшін әрбір судьяның ізгілігімен қатар, адам жанын терең түсінуі қажет. Судьялар әділ үкім шығарып қана қоймай, қоғам алдында жауаптылықты сезініп, өзінің жоғары мәдениеттілігімен, әдебімен, жеке қасиеттерімен баршаға үлгі болуы тиіс. Судьялар заңды білуімен ғана емес, ұлттық салт-сана мен дәстүрді де ұстана отырып, оның қолданысын жарастыра білуімен де ерекшеленуі тиіс.

Бүгінде соттар қоғамдағы шиеленісті азайту, бітімгершілікке келу, келісім институттарын дамытуға айрықша бет бұрды. Дауды сотқа дейін жеткізбеудің, сотқа дейінгі рәсімдердің алдын ала шешудің мол мүмкіндіктерін мақсатты түрде пайдалана бастады. Судья әдебі кодексінде көзделген моральдық-этикалық нормалар мен жүріс-тұрыс ережелері мүлтіксіз сақталса, қандай да жағдай болмасын, сот төрелігін жүзеге асыру барысында оның объективтілігі мен тәуелсіздігіне күмән тудыратын іс-әрекеттерге жол берілмейді. Әрине, адам тағдырына араласып, билік айту үшін нағыз заңгер әрі психолог та болу керек. Жалпы, судьяның сөз сөйлеуі мен пайым-парасаты өзгелерге үлгі.

Заң бәрімізге ортақ. Заң алдында бәрі тең. Сондықтан судья ең алдымен ел заңдарын басшылыққа алады. Сот саласында беделі мен абыройын асқақтату үшін әр судья ар-ожданына, жеке адамгершілік ұстанымы мен антқа деген адалдығына, моральдық келбетіне дақ түсірмеуге тырысады. Бұл оның беделі мен абыройын сақтауы үшін қажет. Әр сот процесінде таразы басында адам тағдыры тұратындықтан, судья ойланып шешім қабылдайды. Айыптыға жаза белгілеген кезде оны заң негіздерімен қоса адамгершілік ар-таразысына салып өлшейді. Қазіргі кезде кез келген соттың веб-сайттарында атқарған жұмыстары туралы мәліметтерді алып, интернет арқылы сот актілерімен танысуға мүмкіндік бар. Мұның өзі судья қызметінің анықтығы мен ашықтығына жол ашады.

Тағы бір айта кетерлігі ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде судьяға жаңа өкілеттіктер мен құқықтар берілген, яғни, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала пікірін айтуға құқылы. Бұған дейін заң бойынша судьяға ондай құқық берілмеген болатын, судья іске байланысты өз пікірін білдірмейтін. Іске төрағалық етуші судья берілген талап-арыздың қателігін түзету туралы талапкерге ұсыныс жасай алмауы себепті қабылданған шешімдер шағымдану сатыларында бұзылып немесе өзгертіліп жататын еді, ал жаңа кодекске сәйкес істі жан-жақты әрі әділ шешім қабылдау үшін төрағалық етуші судьяның рөлі артты.

Сонымен қатар, жаңа кодексте сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады. Сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады, осылайша іске төрағалық етуші судьяның азаматтың талап-арызын түзетуге, оған құқықтық жағынан қолдау көрсетуге мүмкіндігі болды, яғни, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге құқылы. Осылайша Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс азаматтарға құқықтық кепілдік беріп қана қоймай, сот төрелігін нығайтуға жұмыс жасайды. Бұл әрине, сот залында әрбір шешімнің әділ шығуына, судьялардың тура төрелік етуіне өзіндік кепілдік беріп қана қоймай, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайта түсті. Осындай ауқымды жұмыстар мен сот жүйесіндегі ілкімді істер негізінде сот беделі нығайып, халықтың сотқа деген сенімі артып келеді. Ал адалдық жолында әділ шешім шығару, әрбір істі мұқият саралап, тура төрелік ету – біздің мызғымас міндетіміз. Мұны әрбір судья зор жауапкершілікпен сезінетіні белгілі.

С.АМАНТАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ҚҰРЫҚ

«ЖАМАНДЫҚТА – ТЕК, ЖАУЫЗДЫҚТА ШЕК ЖОҚ»

Ақтөбе қаласының тұрғыны 84 жастағы кейуананы ұрып өлтірді. Ер адамның өз анасын өлтіруіне марқұмның асын дұрыс ішпегені, кіші дәретін жиі жіберіп қоятыны себеп болған.

Ақтөбе қаласының №2 сотында өз анасын ұрып өлтірген Уридия Омариге қатысты қылмыстық іс қаралды. Сот материалдарына қарағанда, 51 жастағы ақтөбелік анасымен бірге тұрған. Қайғылы оқиға былтыр шілде айында болған. Кешкі ас кезінде ұлы анасын тамақтандыра бастаған. Алайда кейуана ішкен тамағын түкіріп тастайды. Ашуға булыққан ер адам анасын алақанымен басынан, бетінен, тіпті бір рет қабырғасынан ұрады. Соққы салдарынан әйелдің басына қан құйылып, бас-миы жарақатын алған. Марқұмның кеудесі көгеріп, қабырғасы да сынған. Ұлы жедел-жәрдем қызметін шақырған. Алайда ол гематомалардың бұған дейін белгісіз біреудің ұрып-соққанынан қалған ескі жарақат іздері екенін айтып, алдаған. Осы оқиғадан соң қылмыстық іс қозғалып, ер адамға қатысты Қылмыстық кодекстің 106-бабының 3-бөлігі (абайсызда адам өліміне әкеп соққан ауыр дене жарақатын келтіру) бойынша қылмыстық іс қозғалды. Сотта ер адам қылмысын мойындап, анасын өлтіргісі келмегенін айтты. Айтуынша, бұл абайсызда болған оқиға. Бала кезінен анасымен қарым-қатынасы нашар болғандықтан, үйден жиі қашып кетіп жүріпті.

– Сол күні кеште анама тамақты түкіргені, кіші дәретін жіберіп қойғаны үшін ашуландым. Анамды қанша рет ұрғанымды білмеймін, кейін жедел жәрдем қызметін шақырдым. Мен оны өлтіргім келген жоқ, барлығы абайсызда болды. Ауыр жаза тағайындамауыңызды сұраймын, – деді сотта ол.

Сот ер адамды қылмысқа кінәлі деп тауып, 8 жылға бас бостандығынан айырды.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

№13 (3441)
15 ақпан 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘКІМДЕРДІҢ ЕСЕП БЕРУ ЖИЫНЫ ҚАЛАЙ ӨТУІ КЕРЕК?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл құжаттың негізгі ерекшеліктерінің бірі деп атқарылуы тиіс іс шаралар мерзімінің белгіленіп, регламенттелуін және нақты нәтижеге жұмыс істеу тапсырылғанын айтуға болады. Талап көпке ортақ. Жергілікті басқару органдары ісінің нәтижелі болуы қоғамдық сенімге ие болудың төте жолы. Бұл ретте жобадағы мынадай талаптардың орындалуы маңызды:

1. «Тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-і күніне қарай кездесулерде халық көтерген проблемалық мәселелерді шешу барысы туралы ақпаратты (проблемалық мәселе, орындалу барысы) ресми интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырсын.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері:

1) жыл сайын 15 қаңтарға дейінгі мерзімде өңірдегі әлеуметтік жағдайды ескере отырып мыналарды көздейтін әкімдердің шығулары мен халықпен кездесулерінің икемді жылдық күнтізбесін әзірлесін және оны мәслихатпен келісу бойынша бекітсін:

– жарты жылда бір рет облыс әкімдерінің әр ауданға және облыстық маңызы бар қалада кемінде бір көшпелі кездесу;

– тоқсан сайын республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің қаланың әр ауданына (шағын ауданына) кемінде бір көшпелі кездесу;

– тоқсан сайын аудан әкімдерінің әр ауылға, кентке, ауылдық округке, аудандық маңызы бар қалаға кемінде бір көшпелі кездесу;

– тоқсан сайын облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық округ әкімдерінің қаланың, ауылдық округтің құрамына кіретін әр ауданға (шағын ауданға), ауылға, кентке кемінде бір көшпелі кездесу;

– ай сайын ауылдар, кенттер, қаладағы аудандар әкімдерінің кемінде бір кездесу өткізуін.

Қажет болған жағдайда мәслихатпен келісім бойынша күнтізбені түзетуге жол беріледі:

2) халықтың талап етуі бойынша және қажет болған кезде күнтізбеден тыс халықпен кездесулер өткізсін;

3) жыл сайын 20 қаңтарға дейінгі мерзімде бекітілген күнтізбені Үкіметке ұсынсын:

3. Әкімдіктер мен әкімдер аппараттары кездесулерді ұйымдастыруға мүдделі тұлғалардың, мәслихат депутаттарының, сарапшылардың, заңгерлердің, партиялар, қоғамдық ұйымдар мен сындарлы оппозиция өкілдерінің кең аудиториясын тартатын болсын.

4. Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу кезінде барлық деңгейдегі мәслихаттар:

республикалық маңызы бар қалалар, астана мәслихаттарының депутаттарын қаланың нақты аудандарына (шағын аудандарына);

облыстардың мәслихаттарының депутаттарын нақты аудандар мен облыстық маңызы бар қалаларға;

аудандар мәслихаттарының депутаттарын нақты ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге және аудандық маңызы бар қалаларға;

облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттарын қаланың нақты аудандарына (шағын аудандарына), сондай-ақ, қаланың құрамына кіретін ауылдарға, кенттерге бекітуді қамтамасыз етсін.

5. Жарты жылда бір рет тиісті деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сессиясында ауыл, кент, ауылдық округ және аудандық маңызы бар қала әкімдерін қоспағанда, әкімдердің күнтізбеге сәйкес өткізілген кездесулерінің қорытындылары және халық көтеретін проблемалық мәселелерді шешу үшін іс-шараларды қаржыландыру бойынша ұсыныстар бойынша есептері тыңдалады» – делінген жобада. Сарапшы мамандар «егер бұл әдеттегі науқандық сипатын жойып, осы нұсқау реті бойынша жүзеге асатын болса әкімдердің жұмысынан нәтижелі іс күтуге болады» – дейді.

Бұдан бөлек, жобада әкімдердің жергілікті оппозиция өкілдерін де тыңдау қажеттігі, олардың да талабын зерделеу керектігі айтылған.

Бұған дейінгі әкімдердің есеп беру жиынының көп бөлігін олардың баяндамалары алатын. Аталмыш жобада осы мәселеге өзгеріс енгізіліп, «әкімнің есеп беру жиынындағы баяндамасы жиын уақытының төрттен бірін» ғана қамту қажеттігі айтылады. Қалған уақыт тұрғындармен тікелей сұрақ жауап форматын қамтуға тиіс. Егер осы ұстаным шын мәнінде жүзеге асатын болса, атқарушы билік ісінде сәл де болса жергілікті халыққа жақындау, халықтық диалогқа бет бұру қолға алынғаны көрінер ме еді?!

Біз осы ретте қоғам белсендісі мен саясаттанушы, депутатқа: «Қаңтар оқиғасынан кейінгі әкімдердің (барлық деңгейлі) есеп беру жиындары қалай өтуге тиіс?» – деген сауалымызды қойған едік.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Жанарбек ӘШІМЖАН, Мәжіліс депутаты:

«Барлық салаға түбегейлі модернизация керек»

Әрине, осы кезеңге дейінгі түрлі деңгейдегі әкімдердің халық алдындағы есебі қалай ұйымдастырылатыны баршамызға мәлім. Баяндама. Алдын ала сөйлейтін адамдарды дайындау. Мақтау-мадақ, сықиған цифрлар, халықтың көзі де, көңілі де сенбейтін мәліметтер, ду қол шапалақ. Және бұл тәсілдер, сөз жоқ, бүгінгі күн тәртібіне жауап бере алмайды. Қоғамдық, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өміріміз өзгеріске, жаңғыруға қадам бассын десек, барлық салаға түбегейлі модернизация қажет. Меніңше, барлық деңгейдегі әкімдердің есеп беру форматы өзгеру керек. Барлық сала мамандары жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша баяндаманы ел-халықтың алдында оқымастан бұрын аудандық, облыстық ақпарат құралдарында, интернет порталдарда халыққа қолжетімді етіп жариялау керек. Халық әкімнің есепті баяндамасымен толық танысып болған соң, әр сала бойынша (қаржы, ішкі істер қызметі, ауыл шаруашылығы, денсаулық, білім, экономика, коммуналдық шаруашылық, құрылыс, спорт, мәдениет, т.б.) қоғам өкілдерінен ары да, алақаны да таза азаматтардан (ауыл ақсақалдары, сала-сала бойынша белсенді һәм сауатты азаматтар) фокус топтар құрылу керек деп есептеймін. Бұл топтардың негізгі үйлестіру жауапкершілігі өңірден сайланған мәслихат депутаттарына жүктеліп, баяндама бойынша атқарылған жұмыстар толық сарапталып, сараланып, әкімнің жыл бойы атқарылған қызметіне нақты баға берілгені жөн. Бұл қадам ең әуелі қоғамдық өміріміздің ашықтығын, әкімнің бюрократиялық барьерлерден аулақ болуын, халықпен етене жұмыс істеуін қамтамасыз етер еді. Және тек есеп беретін белгілі бір кезеңде ғана емес, жыл бойы атқаруы тиіс міндеттерді ұдайы назарда ұстауға жол ашады. Сосын өңірлердегі қордаланған мәселелер бойынша әкімдер әр фокус топтың мәжілісіне жеке-жеке қатысып, халықтың талап-тілектеріне байланысты нақты мәселелерді талқылап, ұсыныстар мен шешу жолдарын қоғам өкілдерімен бірге қарастырса сыбайлас жемқорлықтың, таныс-тамырдың, түрлі саладағы ұйыған әлеуметтік тауқыметтердің тамырына балта шабар еді...

Шалқар НҰРСЕЙІТ, саясаттанушы:

«Бұл жиын есеп беру үшін өтетін есеп беру»

Менің ойымша, қазір әкімдердің барлығы Президент әкімшілігінен алдағы есеп беру кездерін қалай өткізу керек, соның жаңа бір өңделген инструкциясын күтіп отырған секілді. Бірақ қанша дегенмен бұл жыл сайынғы қайталанатын практика. Есеп беру үшін өтетін есеп беру деуге болады. Яғни, Ақорданың жоғарыдан қойған талаптарын орындау. Шын мәнісінде, бұл халықтың алдында емес, облыс әкімдерінің, қала әкімдерінің Президент әкімшілігі алдында есеп беруі, ал одан төменде тұрған әкімдердің жоғарыда тұрғандарға есеп беруі деп бағалауға болады. Яғни, Қазақстанда әкімдерді (барлық деңгейдегі әкімдерді) ашық, әділ сайламай олардың ашық есеп беруіне қол жеткізу мүмкін емес. Және қазіргі жасалып жатқан әрекеттердің барлығы өкінішке қарай, уақытты созу, саяси реформаның имитациясы ғана. Енді мүмкін мынау қаңтар оқиғасынан кейін Президент әкімшілігі бұл есеп берулерге жаңалықтар енгізуге тырысатын шығар. Бірақ ол шын мәнінде азаматтардың өмір сапасын арттыруға, олардың құқықтарын толық пайдалануға, саяси еркіндіктерін кеңейтуге әсер ете қоймайды. Сол себепті, бүкіл ауылдардан бастап ірі қалаларға дейін әкімдерді тікелей сайлауға көшу керек. Сонда ғана әкімдер өзінің сайлаушылары үшін бірінші кезекте жұмыс істеуге талпынатын болады. Сондықтан бұл есеп беру кештерінен өзім ешқандай бір маңыз көріп тұрған жоқпын.

Бэлла ОРЫНБЕТОВА, қоғам белсендісі:

«Қазіргі әкімнен күтетінім – ашықтық»

Әдетте қала әкімінің есеп беруі халықпен коммуникациядан гөрі өз пиары үшін қолданатындай әсер қалыптасады. Әлеуметтік желіде оның есебінен айтқан әр сөзін дабыра қылып коммуникациялық командасы бөлісіп жатады. Дәл Президент жолдауындай. Ал қала тұрғындарының сұрақтарына жауап беру шындап келгенде тек көрініс үшін.

Әкім есебі кезінде 1308 және жарияланған басқа да телефондарына хабарласып көрдіңіз бе? Әлеуметтік желі арқылы сұрақтар модераторға жіберіледі. Бірақ модератордың сұрақтарды іріктеуі түсініксіз. Мәселен, былтыр ҚазҰУ қалашығындағы жерлердің жеке компанияларға өтіп кетуі, жемқорлық фактілері туралы сұрақтарды бірнеше белсенді көтерді. Алайда, ол сұрақтар модераторларға өтпеді. Есесіне, жекелеген үй ауласындағы мәселелер, КСК аумағында шешілетін сұрақтарға қала әкімі жауап беріп, халықтың проблемасын шешіп жатқан образ жасады. Шын мәнісінде бұл да көрсеткіш. Егер қала әкімшілігі дұрыс жұмыс істесе, жылдық есеп беру кезінде мұндай ұсақ-түйектер емес, келелі мәселелер талқыланар еді. Қала тұрғындарының қарапайым ғана мәселелерді шешудің өзге мүмкіндігі де жоқ сияқты. Алматы қаласының проблемалары Қазақстанның кіші моделіндей. Жылдар бойы проблемалар жинақталып қалған. Экология, жол кептелістері, жыл сайын халық саны өсіп келе жатқан қаладағы әлеуметтік инфрақұрылымдардың тапшылығы, қаладағы саяси, мәдени жағдайлардың ушығуы. Түптеп келгенде, әкімнің жылдық есебіне қатысу, митингтерге сұрану халықтың шешілмеген мәселелерін айтуға тырысуы, билік өкілдері жиі айтатын диалогқа жасаған қадамы. Алайда не кездесу не митингтерде атқарушы билік тарапынан құлақ салу, диалогқа ұмтылысты байқамаймын. Қазіргі әкімнен күтетінім – ашықтық. Алматының барлық топтарының үніне құлақ салу. Мейлі үндеулер, петициялар, митингілер, кездесулер болсын.

Жадыра ҚҰДАЙБЕРГЕН

ДЕНСАУЛЫҚ

ӨЗІН-ӨЗІ ЕМДЕП **РЕАНИМАЦИЯҒА** ТҮСКЕНДЕР КӨП

Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметтеріне қарағанда,реанимацияда өмірі үшін күресіп жатқандардың көпшілігі коронавируспен ауырып өзін-өзі емдеу тәсілін қолданғандар мен жеке клиникалардағы дәрігерлердің нұсқауы бойынша антибиотиктер қабылдағандар.

– Біз пациентер арасында олардың сырқаттанғандары қалай белгілі болды, ауруханаға дейін жағдайлары қандай еді, дегенге сауалнама жүргізіп, талдау жасадық. Көбі тіпті, ПТР тестілеуден өтпегендерін мойындайды, симптомдары бар екенін түсініп, өздерінің таныс дәрігерлеріне жүгінген екен. Міне, осындай әрекеттері қауіпті болып шықты, өйткені коронавирусты олай емдеуге болмайды! Өкінішке орай, жеке клиникаларда жұмыс істейтін әріптестерімнің қате кеңесінің салдарымен күресіп жатырмыз, – дейді басқарма басшысы Тимур Мұратов. Оның айтуынша, жеке медициналық ұйымдардың қызметкерлері хаттамаға сәйкес коронавирусты емдеу нұсқаулары бойынша оқытылмаған.Бұл дәрігерлер COVID-19 инфекциясын емдеу мәселесіне толық жауапты емес екенін білу керек. «Біз дәрігерлеріміздің осы бағытта оқыттық, біліктіліктерін арттыруды жалғастырып келеміз. Жеке клиникаларда сіздерге емдеу үшін дереу күшті антибиотиктерді, кейбір гормоналды препараттарды ұсынады. Бұл дұрыс емес! Стационарларда бізде ауырлығы орташа дәрежедегі пациенттер саны азайғанымен, өте ауыр жағдайдағы пациенттердің азаюы байқалмайды. Реанимациядағы науқастардың 90% өзін-өзі емдеумен айналысқан және вакцинаци алмаған», – деген Т. Мұратов ел тұрғындарын коронавирустық инфекцияны емдеу үшін арнайы оқытылмаған мамандардың көмегіне жүгінбеуге шақырады.

Е. КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ПАРЛАМЕНТ

ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ИЕЛЕРІН **ҚОЛДАУ ТӨМЕН**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиында естіген мағлұматтарға сүйенсек, бүгінгі таңда елімізде шамамен 1,6 млн жеке қосалқы шаруашылық бар. Олар 2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы құны 2,6 трлн теңгеге тең ауыл шаруашылығы өнімін өндірген. Бұл барлық өнімнің 41,5 пайызына тең. Бірақ соған қарамастан мемлекеттік қолдау мен жеңілдетілген несиенің дені оларды айналып өтуде. Олар негізінен ірі ауыл шаруашылығы тауарын

өндірушілердің еншісіне тиіп келеді. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізетін азаматтар үшін мемлекеттік қолдау шаралары жоққа тән. Мұның сыртында жекеменшіктегі малды жайылымда бағу да түйткілді мәселеге айналған.

Көбінесе жеке қосалқы шаруашылықты жүргізетін азаматтар өз өнімдерін делдалдарға төмен бағамен сатуға мәжбүр. Өйткені, олар өз өнімдерін ұйымдасқан шаруашылықтар мен қайта өңдеу кәсіпорындарына бере алмайды. Мұның бәрі ауыл тұрғындарының қаржылық жағдайына кері әсерін тигізуде. Олардың фермерлік шаруашылықтарға айналуына және жалпы өз әлеуетін ашуына мүмкіндік бермейді. Бұған себеп шаруашылықтың бұл түрінің жеке заңнамалық актімен реттелмеуі. Олардың мәртебесі құқықтық тұрғыда анықталмаған. Осының салдарынан қосалқы шаруашылықтарды тығырыққа тіреген жайылымдық және шабындық жерлердің тапшылығы, азық-түліктің қолжетімсіздігі, өнімді әділ бағамен сату, материалдық-техникалық ресурспен қамтамасыз ету сияқты мәселелер назардан тыс қалуда.

Ауыл шаруашылығы министрлігі осы түйткілді жағдайларды зерделей келе аталмыш заң жобаларын әзірлепті. Бұған Мемлекет басшысының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауындағы жалпыұлттық іс-шаралар жоспары негіз болды. Бұл құжатта Президент Үкімет алдына жеке қосалқы шаруашылықтардың құқықтық мәртебесін айқындау, олар үшін мемлекеттік қолдаудың нақты құралдарын белгілеу, өңірлік азық-түлік хабтарын құруға тарту арқылы олардың әлеуетін дамыту, сондай-ақ, жеке қосалқы шаруашылықтардың ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарықтары мен жайылым ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша міндеттер қойған болатын.

Отырыста заң жобаларын ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев таныстырды. Министр аталған мәселелердің өзектілігін нақты мысалдармен дәйектей түсті. Бұл ретте ол малдың жартысына жуығын ұстап отырған жеке қосалқы шаруашылықтың үлкен биологиялық актив бола тұра натуралдық шаруашылық деңгейінде жұмыс істейтініне және ешқандай технологиялық процестермен қамтылмағанына назар аударды. Шын мәнінде бұл жерде өндірістің тиімділігін арттыруға және ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсарту үшін қосымша табыс алуға мүмкіндік беретін үлкен әлеует барлығын атап өтті. Министр өз баяндамасында саланың осы секілді бірқатар өзекті мәселелерін айта келіп, посткеңестік мемлекеттерден (Ресей, Беларусь, Өзбекстан) тек Қазақстанда ғана жеке қосалқы шаруашылықтың қызметін реттейтін жеке заң жоқ екеніне назар аударды. Әйтсе де, бұл елдердегі жеке қосалқы шаруашылық туралы заңдар негізінен контурлық сипатқа ие және нақтыланбаған. Аталмыш құжатта осы жайттар ескеріліп, саланың өзекті мәселелерін шешудің тетіктерін толыққанды қамту көзделді.

Мәселен, заң жобасында жеке қосалқы шаруашылық ұғымы айқындалып, оның мәртебесі салық салу мәселелерін реттеу үшін кәсіпкерлік емес қызмет түрі ретінде анықталыпты. Министрдің айтуынша бұл өте маңызды. Екіншіден, жергілікті атқарушы органдарға жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту үшін нақты қосымша өкілеттіктер беріліп отыр. Ең алдымен, бұл жер заңнамасы аясында қосалқы шаруашылықтарды жайылымдық және шабындық жерлермен қамтамасыз ету, материалдық ресурстармен жабдықтауды ұйымдастыру, өсірген өнімді өткізу мәселелеріне қатысты болмақ. Жергілікті атқарушы орындарға өз бюджеттерінің мүмкіндігіне қарай жеке қосалқы шаруашылықтарды дамытудың проблемалық мәселелерін шешуге, олардың кооперативтері үшін қажетті өндірістік инфрақұрылым құруға құзырет беріледі. Үшіншіден, оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің заңнамалық негізі қаланады. Бұл жұмыс жеке қосалқы шаруашылықтар кооперативтері арқылы жүргізіледі.

Министрдің айтуынша, бүгінгі таңда заң жобасы мүдделі тараптармен талқылаудың барлық кезеңінен өтті. Сонымен қатар, құжат «Ашық нормативтік-құқықтық актілер» порталында қоғамдық талқылау үшін орналастырылды. Осындай жұмыстың нәтижесінде 1300-ден астам ұсыныс пен ескерту түскен.

Заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы мүшелері Президент Әкімшілігінің қызметкерлерімен бірге Ақмола және Қарағанды облыстарының ауылдық елді мекендеріне де арнайы барып, онда заң жобасының негізгі түйіндері ауыл тұрғындарымен бірге талқыланды. Яғни, бұл құжатты қабылдау жеке қосалқы шаруашылықтарды жүргізу кезінде туындайтын қатынастарды реттеуге, оларды кооперация арқылы мемлекеттік қолдауға және осы негізде жеке қосалқы шаруашылықтардың тиімділігін арттыруға, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған заңнамалық негіз құруға мүмкіндік беретініне сенім мол.

Жиын тізгінін ұстаған Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Павел Казанцевтің айтуынша, қазіргі уақытта заң жобалары бойынша жұмыс тобы құрылды, оған кіруге тілек білдіргендердің барлығы қосылды. Алдағы уақытта барлық тілек білдірушілер заң жобасын талқылауға қатыса алады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

СЕМИНАР

ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

Шалқар аудандық сотында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2021 жылдың 20 желтоқсанында қабылданған заңды талқылау мақсатында семинар сабақ өткізілді.

Шараға сот төрағасы О.Бақтыгереев, судьялар С.Дәріқұлова, Д.Исабек және сот мамандары қатысты.

Баяндама жасаған судья С.Дәріқұлова осы заңмен Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекске де өзгерістер енгізілгенін атап өтті.

Қазіргі уақытта соттан тыс тәртіппен жасалған алимент төлеу туралы келісімді нотариус та, медиатор да, адвокаттар да, заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын тұлғалар да жасай алады (кодекстің 158-бабы). Сондай-ақ, кодекске кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу, бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмағаны туралы мәселелер бойынша тіркеуші органдарда жүзеге асырылатын толықтырулар енгізілді.

Семинарға қатысушылар аталған заң аясында өзара пікір алмасты.

А.БОЛЫСБАЙ,
Шалқар аудандық сотының
бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

КИЕ

Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа және басқа да қылмыстарға бейім болуының көптеген себептері бар. Бұл ең алдымен азаматтардың қызметін артық пайдалануынан орын алады. Кейбір қызметкерлердің немқұрайдылығы, кәсіпқойлығы мен жеке басының ұқыпсыздығы да сыбайлас жемқорлыққа ықпал етеді.

ТІЛДІ ШҰБАРЛАУ – **АРДЫ** ШҰБАРЛАУ

Тіл – ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басынан талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің өткені тарихтан белгілі. Сондай ауыр сын сағаттарда атамекен қонысын тастап, босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген жалғыз байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана. «Тәрбие басы – тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөзді XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Иүгінеки айтқан екен. Осы сияқты ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөздерге айналдырған зиялыларымыз баршылық.

Ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы – отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш-ренішіңді бөлісіп, өзіңді, өзгені жұбату болып табылады. Бұл – ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсері даусыз. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын майлау. Ең жақсы адам – ана тілін құрметтеген адам. Бұл сенің басқа тілді меңгеруіңе бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең иірімдеріне бойлай білу – саналы азамат болғысы келетін адамның бірінші парызы.

Сонымен қатар, менің елім – көп ұлтты Қазақстан. Қанша ұлттың баласы бір анадан туғандай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанда ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны – бәріміз үшін мақтаныш. Тіліміз – бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы.

Көп тілді білудің артықтығы болмайды. Бірақ басқа тілді үйренемін деп ана тілін тасада қалдыру азаматтық емес. Болашақта бұл үлкен мәселе болмақ. Адам өзге тілді білсе, ол сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді. «...Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қ.Мырзалиев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуіміз қажет.

Жоғарыда айтып кеткендей, тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Қорыта келгенде, тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Ақын-жазушыларымыз жырлаған қазақ тілі – Мәңгілік елдің мәңгілік тілі болып қала бермек!

Нұрдәулет ӘЛІБЕКОВ,
Жамбыл облысы бойынша қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің жетекші маманы

БАСТАМА

БАР ИГІЛІК – АЗАМАТТАРҒА

Еліміздің сот жүйесі құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес үздіксіз жетілдіріліп келеді. Республикамыздың соттары ақпараттық-сараптамалық жүйені кең көлемде тәжірибеге енгізді. Электронды сот төрелігі соттардың қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуде. Соттарда электронды технологияларды қолдану арқылы процеске қатысушы азаматтарға қолайлы жағдай жасалады, сонымен қатар, сот актілерінің сапасын көтеру мен істерді қарау мерзімін жылдамдатады.

Сот кабинеті – бұл электрондық, ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады. Бұл бастама сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Осы сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның адвокаты немесе заңгері кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын жолдап, сондай-ақ, істегі мәртебесін қарай алады.

Әрбір сотқа жүгінген азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін Халыққа қызмет көрсету орталығынан цифрлы қолтаңба алуы қажет. Қазіргі таңда біздің сот кабинетін пайдалану соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Интернетке қосылуға мүмкіндігі жоқ азаматтарға халыққа қызмет көрсету орталығында электронды бұрыштар ұйымдастырылған. Барлық келушілерге өкілетті операторлар «Сот кабинеті» сервисін қалай пайдалану керектігін түсіндіріп, қажетті құжаттарды электронды түрде жіберуге көмек береді.

Бүгінде «Сот кабинетінің» мобильдік қосымшасы жұмыс істеуде. Бұл сот жұмысының ашықтығы мен жариялылығын жетілдіре түседі. Жұртшылықтың сотқа деген сенімін одан сайын арттыру мақсатында осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

С.МҰСАЙ,
Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы сот мәжілісінің хатшысы

ҚАРАЛЫ 40 КҮН

Марат ТОҚАШБАЕВ,
ардагер журналист:

«Жазалау, айыптау – шешім емес»

Қаңтарда орын алған оқиғаның ең алдымен маңызын айқындап, бағасын анықтау парыз. Тыныш, бейбіт халық не үшін алаңға шықты? Олардың қарсылығын оятқан не? Шындығында елдің жаппай наразылығын тудырған қымбатшылық, жұмыссыздық, шарасыздық. Ашынған, тығырыққа тірелген, ойындағысын жеткізе алмаған халық амалсыздан осындай қадамға барды. Ал мұндай жағдайда билік органдары жедел диалог орнатуы керек еді. Қақтығыстар орын алмас үшін билік үнемі мәселені дәл болжап, бір қадам алда жүруі керек. Бірақ олай болмады. Мұны Президенттің өзі де мойындады.

Өкінішке қарай, арандатушылар оңтайлы сәтті пайдаланып кетті. Соның кесірінен бейбіт шеруге шығып, өз мұңын жеткізбек болған талай жан зардап шекті. 227 адам мезгілсіз көз жұмды, қаншама адам айыпты ретінде абақтыда отыр. Бұл жараның енді қашан жазылары белгісіз. Дегенмен, Жаңа Қазақстан құрғымыз келсе осы алаңдарда айтылған талап, ұсыныстардың барлығы алдағы уақытта ескерілуі керек. Жазалау, айыптау – шешім емес. Бұл одан сайын халықтың қарсылығын, өкпе, ренішін тудырады. Халықты биліктен алыстатады. Сондықтан біз елмен бірге екенімізді, халықтың қызметшісі екенімізді мойындаудан қашпауымыз керек.

Өркениеттің үлгісі саналатын АҚШта 2020 жылы орын алған қақтығыс ешкімнің есінен кете қоймаған шығар. Жалған ақша қолданды деген айыппен ұсталған афроамерикалық Джордж Флойдты полицияның көпшіліктің көзінше қорлап өлтіруі бүкіл елдің ашу-ызасын тудырды. Халық бір сәтте полицияға қарсы шықты. Қарсылық дүрбелеңге ұласты. Егер полиция қызметкерлері халықтың алдына шығып тізерлеп кешірім сұрамағанда, бұл дүрбелеңнің қашан тоқтайтыны белгісіз еді. Бұл біздің полицияға да қатысты. Полицияның жазалаушы әрекетіне байланысты қарсылық күшейіп тұрған қазіргідей кезде сенімді орнатып, түсіністік қалыптастырудың бір жолы осы.

Сонымен бірге, қаңтар қақтығысынан кейін халық Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай Жаңа Қазақстанның қалыптасқанын көргісі келеді. Ал Жаңа Қазақстанды жаңа Конституциясыз құру мүмкін емес. Конституцияны толықтырып, өзгерту мәселені шешпейді. Өйткені, 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған 98 баптан тұратын Бас құжатқа бүгінге дейін 90-нан аса өзгеріс енгізілді. Көптеген мемлекеттерде Конституция қабылданғаннан бері бірде бір рет өзгертілмеген. Ал біздікі қырық құрақ. Алдағы уақытта осы мәселені ескеру керек.

Қазақстанда екі палатадан тұратын Парламентті ұстап отыру да артық. Бізге Мәжілістің өзі жеткілікті. Сондай-ақ, Қазақстан халқы ассамблеясын да таратын кез жетті.

Жаңа Қазақстанға қажеттінің тағы бірі – Конституциялық сот. Ол Президенттен жоғары тұрып, халықтың таңдауы, сайлауы арқылы қалыптасқаны жөн. Оны Президенттің таратуға, өзгертуге құқығы болмауы керек.

Сайлауға да өзгеріс енгізу маңызды. Қазіргідей жанама сайлаудан бас тартатын уақыт жетті. Соның кесірінен халықтың құқығы аяққа тапталып отыр. Әсіресе, полиция қызметін мүлде басқа сипатта құрғанымыз жөн. Халықтың салығынан айлық алып отырған құзырлы орган өкілдері халыққа қызмет етуі тиіс қой. Полиция халықты жазалаушы емес, халықтың қызметшісіне айналғаны абзал.

Айналып келгенде, бізге сыпыртқы сияқты төбеден сыпырып, бақылап отыратын билік емес, халықтың мұңмұқтажын тыңдайтын, елмен санасатын билік керек. Жаңа Қазақстанда елдің пікірі, ойы ескерілсе дейміз.

Досқан ЖОЛЖАҚСЫНОВ,
Қазақстанның халық әртісі:

«Жастардың қуатын, күшін жаңа идеяға бағыттай білу керек»

Қаңтардағы қанды қырғын бүкіл еліміздің жүрегіне сары су боп қатты. Бұл оқиғаның салдары баршамызға ой салды. Кешегідей үлкен оқиғаларға біз қалайда баға беруіміз керек. Әрине, тәуелсіздіктің отыз жылында түк жасалмады деп тарихты, еңбекті мүлде жоққа шығаруға болмайды. Сарыарқаның төсіндегі жарқыраған Астанамыз, зәулім ғимараттар, сәулетті үйлер, үлкен жобалар кімнің болсын санасында жаңғырып тұрары анық. Бірақ, қаңтардағы қақтығыс кемшіліктердің барын көрсетті.

Мәселен, заңның дайындалуында мін жоқ болар. Алайда орындалуы әлсіз. Оны орындайтын, орындататын тарапта да кінә бар деп ойлаймын. Біз сынауға, мін айтуға шебер болып алдық. Бірбірімізді қайталап сөз жарысына түсіп кеттік. Ал ұят тасада қалды.

Мынау енді, Жаңа Қазақстан деп жатырмыз, оның әр қадамына жіті көз салып отырмыз. Жаңа Қазақстан деген жаңа түсінік. Біз мұнымен келісеміз. Тілегіміз сол – Жаңа Қазақстан толық мағынасында орындалса екен. Ол үшін дәл қазіргі кезде Мемлекет басшысының саясатын қолдау – азаматтық парыз. Әзірге, Жаңа Қазақстанның беталысы жаман емес сияқты. Дегенмен, өткеннен сабақ алмай алға басу мүмкін емес. Ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай Президент те: «Мен жастарға сенемін!» деп айтты ғой. Шын мәнінде Жаңа Қазақстанды жаңғыртатын – жастар. Енді жастарға бөгет болмауымыз керек. Қазақ «Қырықтағылар қамал алады» дейді. Мәселе қамал алуда емес, олардың қамал алатындай қуатының барын мойындауда. Қуатты жастар – ел қуаты. Сондай-ақ, олардың ізімен келе жатқан, тәуелсіздік құрдастарының жаңа толқыны бар ғой. Оларды халық «Отызда орда бұзады» дейді. Бұл жерде де түйін орда бұзуда емес. Ендігі міндет осы жастардың қуатын, идеясын тиімді пайдалану, игілікке бағыттай білуде. Ал осы істі дұрыс үйлестіруге жаңа Үкіметтің даярлығы бар ма, қауқары жете ме?

Ендігі жерде жаңа сөз емес, жаңа іс қажет. Мұндайда сынның да, міннің де айтылары күмәнсіз. Мін деген Абай атам айтқандай «Аршып алып тастайтын аспандағы саз емес қой». Ендеше не істеу керек? Бүгінгідей сын сағатта бар мен жоқты таразыға салып, міннен арылып алмасақ, тағы ескі әнге салып, ескі сүрлеуге түсеміз. Мысалы, қазір полиция кінәлілерді іздеп табандарынан тозып жатыр. Бұл қателіктер тағы қайталануда деген сөз. Осылай кете берсе елді тағы ашуландырып, мінді болмаймыз ба? Келесі ұрпақ біздің шимайларымызды оқығанда не демек? Бүгін таусыла сөйлеп, ертең не істеуіміз керектігін есімізден шығармайық. Не айтсақ та, мың толғанып барып айтқанымыз жөн болар.

Бейбіт шерушілер алдына шығып, зиялы қауым ақылға шақырса мұндай қақтығыс орын алмас па еді дейтіндер бар. Шын мәнінде халық ешкімді тыңдайтындай жағдайда болмады. Бұл да бір соқтасы толған сыздауықтың жарылған сәтіндей буырқанған сәт еді. Сыздауықты соқтасы толмай тұрып емдеуіміз керек еді. Ол уақыт өтіп кетті. Біз көп жерде үнсіз қалдық. Жемқорлық, олигархтардың тойымсыз әрекеті, Конституция мен заңдардың жиі өзгеруі секілді келеңсіздіктер халық көкейінде соқта болып жинала берді. Сыздауықты жарылуға жеткізді. Ал жарылған кезде өкінішке қарай аталы сөз айтатын топ болмады. Желтоқсан оқиғасы кезінде де жастардың аға буыннан қолдау күткені рас. Алайда, ол жағдай мен бұл жағдайды салыстыру мүмкін емес. Дегенмен, екеуінде де қарсылықтың алдыңғы шебінде жастар жүрді. Ол кездегі жастардың да, кешегі қаңтар қырғынына шыққан жастардың да ұраны «Қазақстан, Қазақстан!» болды. Өкініштісі, бейбіт басталған шеруді арандатушылар өз мақсаттарына пайдаланып кетті. Жастардың көбі «кіндігін туған жерге байлағандар». Ал бүлікшілер олардың ақ ойын ластап, негізгі мақсатының өңін айналдырып жіберді. Соңы пендешілікпен жасалған тонауға, бүлдіруге ұласты. Біздің билік осы жағдайлардан өзіне дұрыс сабақ алуы тиіс.

Шындығына келгенде қоғамның төзімділігімен, шыдамдылығымен ойнауға болмайды. Әкім-қаралар, жалпы билік халыққа арқасымен емес, бетімен қарауды үйренуі керек. Сонда ғана даму болады. Сонда ғана Жаңа Қазақстан құрамыз.

Аягүл МИРАЗОВА,
ардагер ұстаз, Қазақстанның Еңбекері:

«Шын кінәлілер жазаланса екен»

Қаңтар қақтығысы бәріміздің төбеміздің жай түскендей әсер еткен оқиғалардың бірі болды. Бұл оқиға жалғыз мен ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының жүрегін ауыртып, санасын селт еткізді. Елдің бәрі жылды қорытындылап, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына марқайып жүргенде, мына жағдай кәдімгідей есеңгіретіп, күйзеліске ұшыратты десем артық айтқаным болмас. Бейбіт басталған шерудің соңы бүлікке ұласады деп ешкім күткен жоқ. Жылдар бойы қалыптасқан, көркейген, бәріміздің арманымызға қанат бітірген Алматының отқа оранып, қирап, тоналуы жанымызды жүдетті. Арандатушылардың айтағына еріп, өз арамыздан шыққан ұл-қыздарымыздың бұзақылыққа қатысуы кімге болсын ой салмай қоймайды. Мұндай әрекет ата-бабамыз аңсап жеткен тәуелсіздікті аяқ асты ететінін көпшіліктің елемегені өкінішті. Әділдікке осындай жолмен, яғни, өзгенің мүлкін бүлдіріп, қиратып немесе қантөгіс арқылы жету мүмкін емес. Жақсы күнге жетеміз деп, керісінше қиындық үстіне қиындық жамаған сияқтымыз. Бұдан зардап шегетін қарапайым халық, құлдырайтын өз еліміздің экономикасы. Бір мезетте еліміздің әр қаласынан көтерілісшілердің шығуы және Қазақстанымыздың жүрегі, әсем қаламыз Алматының бүліктің орталығына айналуы, әрине бәрімізді ойлантуы тиіс. Таразыға салып, талқылап, саралап көруіміз қажет.

Әр ата-ана қашанда өз баласының рухани дамығанын, тәрбиесі мен білімінің ұштасқанын, бауырмал және саналы болғанын қалайды. Ешкім ұрпағына басқаның мүлкін бүлдір, зорлық-зомбылық жаса, болмаса әлімжеттік жасап, тонап кет деп үйретпейтіні анық. Өкінішке қарай, содырлардың соңынан ілесіп, қаншама ананың көз жасына қалып жатқандар бар. Келешекте осыны болдырмауды, яғни, осындай жағдайлардың алдын алуды ойлауымыз керек. Бұл мақсатта атқарылатын жұмыстар ұшан-теңіз. Ол үшін бүкіл ұлт болып, мемлекет болып, халық болып жұмыс жасауымыз керек.

Осы тұрғыдан алғанда Президентіміз көптеген тапсырмалар берді, соның ішінде, оқулықтарды, оқу бағдарламаларын қайта қарауды ұсынды. Мемлекет басшысының жастар тәрбиесіне көңіл аударуы құптарлық. Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген қанатты сөзі осындайда еріксіз еске оралады. Дей тұрғанмен, бұл оқиғаның тереңіне бойлап, зерттеу жүргізуге менің әлі де болса дәтім бармайды, бұлыңғыр әлемге кіріп кеткендей боламын. Бұл бір күннің немесе бір айдың тірлігі емес, қайдан келді, қалай келді, кім әкелді деген сынды сұрақтар өте көп. Зерттеулер әлі жүргізіліп жатыр ғой, тек шынайы болып, шын кінәлілер жазаланса екен деймін. Қандай кінә болса да, өзімізден-ау деп ойлаймын кейде. Дұрыс тәрбие берілмесе, бұған да кінәлі өзіміз. Жастардың бойына патриоттық сезімді қондыра алмасақ, бұл да біздің кінәміз. Қазақ айтады ғой, «көршіңді ұры тұтпа, өзіңе-өзің мықты бол» деп. Сол айтқандай, мен біреуді кінәлаудан аулақпын. Іштен шыққан жаудың жаман екендігін ескерсек, жастарымыз осындай іске барды дегенді ойлаудың өзі қорқынышты. Ұлды ұлша тәрбиелесең – ұл болады, құлша тәрбиелесең – құл болатынын ұмытпағанымыз абзал-ау. Енді бұл тұрғыдан келгенде жастар арасында тәрбиелік, педагогикалық-әдістемелік жұмыстар көптеп жүргізілуі керек сияқты.

Алла тағала елімізге шыдамдылық пен төзімділік берсін. Дегенмен, кешегі бүліктің кесірінен өз күнін әрең көріп отырған қарапайым қаншама адамның еңбегі далаға кетті. Зар жылап жүргендері қаншама? Бейбіт шеруді бүлікке айналдырғандар өзін кінәлі санап, әттеген-ай дей ме екен? Сұрақ осы, әділдік орнап, жазықсыздар босатылып, кінәлілер жазасын алса екен деймін. Халықтың маңдай терімен жасалған дүниелердің бүлінуі, қаншама жазықсыз қанның төгілуі, қабырғамызды қайыстырды. Тапа-тал түсте, елін қорғаймын деп жүрген құқық қорғау органдарының өкілдерін өлтіріп кетуі жанымма батты. Ол да ананың баласы ғой. Жүректі сыздататыны осы...

Ендігі жерде ел мұңын, халық пікірін ескере отырып Мемлекет басшысы жаңғырған Жаңа Қазақстанды қалыптастырады деп сенемін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, ұрпағымыз саналы болса екен деймін.

Мақсат ХАЛЫҚ,
экономист, Progente экономикалық зерттеу орталығының жетекшісі:

«Ұлттық идеологиясыз ұлт дамымайды»

Қаңтардың қаралы күндері артта қалды. Билік халықтың талап-тілегіне сай қадамдар жасауды бастады. Бүгінде ел тынышталды. Бірақ біз, осы оқиғаға әділ баға беріп, кемшіліктерді жоюға, ел наразылығының алдын алуға үйренуіміз керек. Жаңа үкімет халықтың табысын арттыру бойынша жұмыс жүргізуі керек. Экономист маман ретінде айтарым, біздегі ең төменгі күнкөріс шегі дұрыс есептелмеген. Шын мәнінде отыз алты мың теңге тіршілік етуге жетпейді. Соған орай, әлемдегі жағдайларға қарап, бұл сома жаңа бағытта есептелуі керек. Менің пайымымша, ең төменгі күнкөріс шегі кемінде жетпіс мың теңге болуы қажет. Соған орай, жетпіс мың теңгеден кем табысы бар азаматтарды кедей санатына қосып, оларға әлеуметтік көмек көрсетілсе құба-құп. Бізде ең төменгі орташа медиандық жалақы жүз елу жеті мың тенге болыпты, оның тең жартысы жетпіс сегіз мың бес жүз теңге. Яғни, елімізде ең төменгі жалақы алпыс мың емес, кемі сексен мың теңге болуы

керек. Болмашы айлық үшін көше сыпырып, еден жуып, күзетші болып жүргендер кем дегенде жүз мың, жүз жиырма мың теңгеден аса жалақы алғаны дұрыс деп есептеймін. Ал мұғалім, дәрігер, әлеумет пен мәдениет саласында тер төгіп жүрген азаматтардың жалақысының өскенін құптаймын.

Әрине, ел сенім артып отырған жаңа Үкімет бірден барша саланың айлығын көтереді, күнкөріс көзін ұлғайтады деуге болмас. Ол мүмкін де емес. Бірақ осы істі жоспарлы түрде жүзеге асырса халықтың көңілінен шығады, ел еңсесін тіктейді деп ойлаймын.

Қаңтар оқиғасы іштен шыққан жауардың бар екенін де көрсетті. Сонымен бірге, жалпы қорғаныс шебінің дұрыс ұйымдастырылмағанын, әскеріміздің ішкі, сыртқы жауларға тойтарыс беруге дайын еместігін аңғартты. Бұл жағдайлардың бәріне болашақта көңіл аударған жөн.

Ең алдымен не істеу керек? Әрине ең бірінші әлеуметтік теңдік орнату керек. Байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық барынша жақындатылуы қажет. Салықтық жүйеге де үлкен өзгеріс жасау маңызды. Билік мұның барлығын бірден жасай алмаса да, салықтық жеңілдіктер жасауға қауқарлы, әсіресе, әлеуметтік осал топтардағы азаматтарды салықтан босата алады. Сондай-ақ, жалақысы жүз мың теңгеден аз азаматтардан жеке табыс салығын алмаған жөн деп есептеймін. Ал енді одан жоғары жалақы алатын азаматтардан он пайыз алып, табысы миллионнан асатын азаматтардан он бес-жиырма пайыз жеке табыс салығы алынса деген пікірдемін. Байлық салығы деген мәселе бар, ол да алдағы уақытта көтерілуі керек. Меніңше, осындай мәселелер арқылы әлеуметтік теңдікті орнатуға болады.

Одан бөлек цифрлық ақша мәселесі, ақшаның айналым мөлдірлігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықпен күресу, көлеңкелі экономикамен күресу де өте маңызды дүниелер. Егер осы мәселелер шешілетін болса, халықта сенім, үміт пайда болады. Жаңа Қазақстан деп аталып жатқан қазіргі ұсыныс, меніңше керек деп ойлаймын. Біз шын мәнінде жаңа Қазақстанға қадам басуымыз керек. Оның аты ғана жаңа Қазақстан болмай, заты да соған сай болса нұр үстіне нұр.

Жаңа Қазақстан дегенде бірінші әлеуметтік мәселе, екінші экономикалық жағдай жасау, шағын және үлкен бизнестердің көркеюіне қолдау көрсету, сол арқылы экономиканы қарқындату басты меже болуы тиіс. Экономика өскен сайын халықтың табысы артуы керек. Жаңа Қазақстан деген кезде ұлттық идеологияны да қаперден шығармағанымыз абзал. Бүгінде дінмен байланысты болсын, ұлтымызбен байланысты болсын, өзге ұлттармен қарым-қатынас жағынан болсын, ұлттық идеологияның ақсап тұратыны байқалады. Жаңа Қазақстан – бұл жалпы қазақтың ұлттық идеологиясының негізінде жүзеге асырылуы керек. Кезіндегі Алаш арыстарының құрған идеясын темірқазық етіп жаңа қадамдар жүзеге асырылуы керек деп ойлаймын. Сол кезде ғана біздің азаматтарда билікке, елдің болашағына деген сенім пайда болады. Сенімі бар адам ел игілігіне қызмет жасайды.

Бетті дайындаған
Айнұр САТЫБАЛДЫ

СУДЬЯ МІНБЕРІ

ЫНТЫМАҚ БАР ЖЕРДЕ ЫРЫС ЖҮРЕДІ

Әкімшілік әділет туралы заңда атап көрсетілгендей, мамандандырылған әкімшілік соттар азаматтар мен кәсіпкерлердің әкімшілік органға қарсы жазған арыздарын қарап, шешім шығарады. Сот процесінде әкімшілік сот судьясының құзыреті кеңейтілді. Енді жерде, судья арызда қойылған талап шеңберінен шығып, нақты дәлелдер жеткіліксіз болған жағдайда, әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен ғана шектеліп қоймай, істің анық-қанығына жету үшін қосымша деректерді сұратып, зерттеу мүмкіндігіне ие болды.

Істі қарау барысында берілген арызда заң нормалары дұрыс көрсетілмесе, талапкердің талабы дұрыс қойылмаса, судья арыз иесіне заң аясында қолғабыс беріп, соған сәйкес арыз иесі талабын нақтылап, қажетті деректермен толтырып, өзгерте алады. Сонымен бірге, процесс барысында судья істің кейбір фактілері бойынша шешім шыққанға дейін әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша алдын ала өзінің пікірін айтуға толықтай құқылы екендігін атап өткен жөн. Егерде әкімшілік орган өз шешімінің дұрыс еместігіне көзжеткізсе, өзара кеңесіп, сот шешімін күтпей, талап қоюшымен бітімгершілік келісімге келу мүмкіндігі бар. Сол сияқты, істі қарау барысында тараптар тәртіпті бұзып, сот талабын орындамаған жағдайда, істі жүргізуші судьяның ескерту жасауына, оған құлақ аспаған жағдайда тәртіп бұзушыны сот залынан шығарып жіберуге, басқалай жағдайда оған ақшалай айыппұл салуға құқылы. Түрлі, дәлелсіз себептерді көлденең тартып әкімшілік орган өкілі сот процесіне қатыспаса, іске қатысты құжаттарды уақытылы тапсырмаса онда судья оған айыппұл сала алады, егерде мұндай әрекеттер тағы да қайталанатын болса, айыппұл да қайта салынатынын ескерген жөн.

Халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан «Дау мұраты – біту» деген қанатты сөзі тегіннен-тегін айтылмаса керек. Сәл нәрседен туындаған дауды ушықтырмай, бітімгершілік жолымен шешу қағидаты әкімшілік әділет институтының ең үлкен жетістігі екендігі даусыз. Жаңа заң талаптарына сәйкес ӘРПК жеке адам не заңды тұлғамен мемлекеттік органға татуласуға тыйым салынған шектеуді алып тастады. Енді жерде екі жақ өзара түсінісіп, бітімгершілік келісімге келген жағдайда іс татуласумен аяқталады. Тараптардың көңілінен шығатын медияциялық келісім бекітіліп, сот шешімі орындалған соң әкімшілік орган ол жөнінде сотқа хабарлауға тиісті. Сот шешімінің орындалуын қамтамасыз ететін судьяның өзі болып табылады. Бітімгершілік шарты орындалмаған жағдайда кінәлі басшыға айыппұл салады.

Жыл басынан бастап біздің Атырау обылысының мамандандырылған әкімшілік сотында қаралған істердің 90 пайыздан астамы бітімгершілікпен аяқталды.Соттың мақсаты кінәлілерді жазаға тарту емес, оларды медиация тәсілін қолдана отырып татуластыру. Кез келген дауды тараптардың көңілінен шығатындай етіп шешім қабылдау. Данагөй қарияларымыздың: «Ынтымақ жүрген жерде – ырыс жүреді» деген қанатты қағидаты бізді қашанда тату, ынтымақта болуға шақырады. Ол үшін ауызбірлікте, түсіністікте болған дұрыс. Алда-жалда сотқа жүгінген жағдайда келіспеушілікті бітімгершілікпен шешкен дұрыс деп есептеймін.

«Сот төрелігінің 7 түйіні» сот төрелігінің қолжетімділігімен қоса, қоғам алдындағы ашықтығы мен жариялылығын арттыра түсті. Жеке адамның құқығы мен қоғамдағы құқық әрдайым тығыз байланысты екендігі баршамызға аян. Еліміздің Ата Заңында адамның бостандығы мен құқықтарына арнаулы бөлім қарастырылып, бұл мәселені жанжақты дамыту, жақсарту мемлекеттік міндет деп нақтыланды. Қоғам дамып, өркендеген сайын құқық та, бостандық та, адамдардың еркіндігі де нығайып жақсарады.

Гүлназ САЛЫҚОВА,
Атырау облысы
мамандандырылған әкімшілік
сотының судьясы

МЕРЕЙ

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын ерекше қатынас құралы. Қанымызға сіңісті, жанымызға жұғысты, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілтетін, марқайтып қанаттандыратын өзіміздің мемлекеттік тіліміз. Тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны әрі ары.

ҰЛТТЫҚ КЕЛБЕТ ТІЛДЕ ЖАТЫР

Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмайды, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұра.

Мемлекеттік тілдің абыройын асқақтату – әрбір қазақстандықтың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз бен діниіміз – ұлттық мәдениетіміз бен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекетік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің не тұрып жатқан жеріңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің.

Қазақ тілі – өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтеруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің қуатты қаруы. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі, адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты.

Ұлттық өнерді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды сол ұлттың тілі арқылы үйренеді. Халық өзінің ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын ұрпақтан ұрпаққа алдымен ана тілі арқылы табыс етеді. Сондықтан ана тілін білмей, ұлттық мәдениетті жете меңгеру мүмкін емес.

О. СЕЙСЕНТАЕВ,
Қызылорда қалалық
мамандандырылған тергеу
сотының бас маманы –
сот отырысының хатшысы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ӘЛІМЖЕТТІКПЕН ИЕМДЕНУ – ҚЫЛМЫС

Қорқытып алу, яғни күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді, не жарияланымы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату сипатындағы басқа да әрекеттер заңмен қатаң жазаланады.

Бұл жағдай бойынша ол азаматтың – мүлкі тәркіленіп немесе 4000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 1000 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мысалы:

1) күш қолданумен;

2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

3) қайталап жасалған қорқытып алушылық – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мынадай:

1) жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіріп;

2) ірі мөлшерде мүлік алу мақсатында жасалған қорқытып алушылық – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

1) қылмыстық топ жасаса;

2) аса ірі мөлшерде жасалса, – мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Марем АЛБАКОВА,
Ақмола облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы

ТИІМДІ ТӘСІЛ

БІТІМ – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ТАҢДАУЫ

Дауласқан азаматтарды бітімгершілікке шақыру күн тәртібінен түскен емес. Сот жүйесінде дауды сотқа дейін татуластыру рәсімдерінің көмегін реттеу маңызды бағыттардың біріне айналып, бітімгершілік шараларына ерекше көңіл бөлінді.

2022 жылғы қаңтардан бастап ҚР Азаматтық процестік кодексіне енгізілген өзгерістер іс қарауда қолданылып, азаматтарды татуластырудың жаңа институты пайда болды. Ол «сотқа дейінгі хаттама» деп аталады.

Татуластырушы-судья талап қою түскен күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей тараптарға дауды татуласу рәсімдері шеңберінде шешу мүмкіндігін, сотқа дейінгі хаттама жасау құқықтарын, оның артықшылықтарын түсіндіре отырып, татуластыру рәсіміне қатысуға шақыру жібереді. Егер тараптар келіссе, оларға сотқа дейінгі хаттаманың нысаны ұсынылады және оны рәсімдеу мерзімі белгіленеді.

Сотқа дейінгі хаттамада тараптар дәлелдемелерді көрсете отырып, дауды өзара келісіммен реттеудің нұсқаларын ұсынады. Тараптар сотқа дейінгі хаттаманы толтыру арқылы татуласса, татуластырушы-судья 15 күннен кешіктірмей талап қоюды өндіріске қабылдайды.

Сотқа дейінгі хаттаманы жасау қарым-қатынасты сақтауға, моральдық және материалдық шығындырды азайтуға, дәлелдемелермен алмасуға, дау бойынша бір мәмілеге келуге мүмкіндік береді.

Сотқа дейінгі хаттама қоғамдағы дауласу деңгейін азайтуға, даулардың бітімгершілікпен шешілуіне, дәлелдемелерді алдын ала ұсыну арқылы дауды сотқа дейін реттеуге септігін тигізеді.

Қызылорда облысы
Байқоңыр қалалық сотының
баспасөз қызметі

ПАЙЫМ

«ЖЕТІ ТҮЙІН» ЖҰМЫСҚА СЕРПІН БЕРДІ

Бауыржан ЕЛЕМЕСОВ,
Ақтау қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайтынын атап өткен еді. Осы орайда, елімізде халықтың сот төрелігіне деген сенімін арттыру және заң үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында жемісті жұмыстар тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Оның ішінде соттардың жұмыс стилін түбегейлі өзгерткен «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасының орны бөлек. Себебі, жоғарыдан емес, төменнен бастау алған бұл реформаға судьялардан бөлек, адвокаттар, медиаторлар, заңгерлік қауымдастықтың өкілдері бір ауыздан атсалысқан болатын. Аталған жоба жеті нақты бағытты қамтыды. Атап айтсақ, «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Татуласу: сотқа дейін, сотта».

«Мінсіз судьяда» жоғары кәсіби сот корпусын қалыптастыру қамтылды. Ертеде дана халқымыз «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Елге бай құт емес, би құт», – деп билердің әділдігін шебер сипаттаған. Сондықтан, бүгінгінің биі ақ пен қараны ажырата білетін әділ, қызметіне адал, мінсіз болуы басты шарт. Себебі, сот – биліктің бір тармағы. Қоғамның сотқа деген пікірі де судьялар шығарған сот актілеріне қатысты қалыптасатындықтан, судья лауазымына үміткер кандидаттарды іріктеу процесі қатаңдатылып, судьялардың қызметін бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Қазіргі таңда судья боламын деген үміткер бірнеше сатыдан тұратын конкурстан сүрінбей өтуі тиіс. Осы ретте 2018 жылға дейін әрбір 4 үміткердің 1-уі судьялыққа өтсе, қазір конкурстан 20 үміткердің тек 1-уі өтетінін айтып өткен жөн.

Одан бөлек, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 19-қадамына сай, судьялардың есеп беру тәртібі күшейтіліп, облыстық соттардағы сот алқасының төрағаларына конкурстық іріктеу жүйесі енгізіліп, сот төрағаларының өкілеттік мерзімдері шектелді. «Үлгілі сот» аясында жұмысты оңтайлы ұйымдастыру, тиісті материалдық-техникалық қамсыздандыру көзделіп, өңір бойынша соттарда бірнеше фронт-кеңсе қызметін бастады. Бүгінгі таңда әрбір сотқа келуші «бір терезе» қағидаты арқылы қажетті қызметті жедел алуда. Себебі, фронт-кеңселер мемлекеттік баж төлейтін құрылғымен, адвокат, медиатор отыратын арнайы кабинеттермен жабдықталған, яғни, бұл тараптардың уақыты мен жолға жұмсайтын қаражаттарын үнемдеуге жол ашты. Ал, «Сапалы нәтиже» мен «Әділ процесс» жобалары аясында сот шешімдерін түсіндіру қолға алынды. Бұрын термин сөздермен жазылған күрделі сот шешімдерін түсінбей, тараптар әбігерге әбден түсетін. Бүгінде сот актілері көпшілікке түсінікті әрі қарапайым тілде жазылып, тараптарға судьялар сот актілерін түсіндіреді.

«Оңтайлы ортаның» негізінде қоғам мен соттар арасындағы тиімді қарым-қатынас орнады десек қателеспейміз. Осы орайда, жұртшылыққа қоғамның қызығушылығын туғызған істер бойынша баспасөз хабарламалары соттардың веб-сайты, әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы үздіксіз таратылып келеді. Одан бөлек, әлеуметтік желіде соттар мен қоғам арасында ашық диалог орнады, яғни нақты соттарға қатысты түскен кез келген сұрақ жауапсыз қалмайды. «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасына келетін болсақ, бұл жобаның тиімділігі өте көп. Алдымен, болмашы дау-дамайды сотқа дейін бітіммен шешіп, тараптарды бітістіру қолға алынып, өңірде «Билер кеңесі» құрылды. Мемлекет басшысының өзі әркез дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін де дамыту қажеттігін, бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашатынын айтып келеді. Бүгінде еліміздің 17 өңірінде 47 татуласу орталығы ашылып, 413 Билер кеңесі құрылғанын айтып өткен жөн.

Келесі бағыт «Е-СОТ» бойынша сот жұмысын цифрландыру қарқынды жүргізілді. Сот залдары сапалы дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен жабдықталып, сот отырыстары дыбыс-бейнежазбаға таңбаланды. Тағы бір айта кетерлігі, соттарды жедел цифрландыру жағадан жармасқан пандемия кезінде сот төрелігін тоқтаусыз жүргізуге мүмкіндік берді. Адам денсаулығының қауіпсіздігі үшін сот отырыстары қашықтықтан өткізіліп, талап қою, өтініштер «Сот кабинеті» арқылы қабылданды. Осылайша бір күннің ішінде бірнеше мың сот отырысын электронды түрде өткізуге қол жеткіздік.

Қорыта айтқанда, азаматтар мүддесіне қызмет ететін мұндай жобалардың сот жүйесінде шоқтығы биік. Себебі, аталған жоба аясында жүзеге асқан жаңашылдықтар сот корпусының тың бағыттарды бағындыруына жол ашып, халықтың сот төрелігіне деген сенімін арттыра түсетіні даусыз.

БРИФИНГ

ТАТУЛАСУҒА ЫНТАЛЫЛАР КӨБЕЙДІ

Жақында Атырау облысы соттарының 2021 жылғы жұмысын қорытындылау мақсатында онлайн брифинг өткізілді. Спикер ретінде Атырау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Тәтті Уалиева, азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Мәтен Ерғазиев, әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Анаргүл Салихова қатысты. Сондай-ақ, брифингке облыстың қалалық және мамандандырылған соттарының төрағалары, БАҚ өкілдері қатысты.

Брифинг барысында қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Т.Уалиева қылмыстық істер бойынша сот төрелігін іске асыру сапасының жай-күйінен хабардар етті. 2021 жылы облыс соттарында 1 406 тұлғаға қатысты 1 112 қылмыстық іс қаралды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 118 іске аз. Үкім шығарумен 1 077 тұлғаға қатысты 877 іс қаралды. Барлығы 1 056 тұлға сотталып, 21 тұлға ақталды. Медиацияны қолданумен 34 іс аяқталды. Облыс соттарында 11 842 адамға қатысты 11 842 әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қаралды, медиацияны қолданумен 696 іс аяқталған.

Спикер соттарға түсіп, аяқталған қылмыстық істер мен әкімшілік құқықбұзушылық туралы істердің, орташа және онша ауыр емес қылмыс жасағаны үшін сотталған тұлғалар санының азайғанын, ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған тұлғалар санының артқанын, облыстың тергеу судьяларының қарауына келіп түскен материалдар санының көбейгенін атап өтті.

Брифингте сөз алған М.Ерғазиев азаматтық істер санының, сондай-ақ, татуластыру рәсімдерімен аяқталған істердің артқанын айтты. Статистикалық деректерге сәйкес 2021 жылы облыс соттарында 11 182 азаматтық іс қаралды, оның ішінде 1 770 азаматтық іс татуластыру рәсімін қолданумен аяқталған. 2020 жылы татуластыру рәсімімен 1 481 іс аяқталып, яғни есепті кезеңде 289 іс бойынша татуласушылар көбейген. Медиация тәртібімен 1591 іс қаралып, 154 бітімгершілік келісімі жасақталып, 25 дау партисипативтік рәсім тәртібімен реттелді.

«Облыс соттарында сот төрелігін сапалы, заңды және әділ жүзеге асыруды қамтамасыз етуге, дауларды соттан тыс және сотқа дейін реттеу институтын қолдану бойынша соттардың жұмысын жақсартуға бағытталған шаралар тұрақты негізде жүргізілуде», – деп толықтырды М.Ерғазиев.

Әкімшілік істер бойынша сот төрелігін іске асыру сапасы туралы алқа төрағасы А.Салихова баяндады. Алқа төрағасының айтуынша, 6 айда Атырау облысының соттарына 427 әкімшілік талап түскен. 176 әкімшілік іс аяқталып, шешім шығарумен 121 іс қаралды. Оның ішінде қанағаттандырылғаны – 76 (62,8%), қанағаттандырудан бастартылғаны – 45(37%). Бұл, негізінен, сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым, жер, тұрғын үй, салық мәселелері бойынша және мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар.

Татуластыру рәсімімен 44 әкімшілік іс қаралды (25,0%). Оның ішінде медиация тәртібінде – 40, татуласу келісімімен – 2, партисипативтік келісім тәртібінде 2 іс аяқталды. Апелляциялық тәртіпте 29 іс қаралды.

Брифингте сот жүйесінің өкілдері қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

«ЖЫРЫҢМЕН ЖАНЫМ ЖАЙ ТАБАР...»

Ақиық ақын Мұқағали Мақатевтың туған күніне орай ЛА-155/6 мекемесі аумағындағы №3 ЖББМ КММ «Қазақтың қара өлеңі құдіретім....» атты жазалы жасөспірімдер арасында мүшайра болып өтті. Мүшайра шарттарына байланысты оқушылар ақын өлеңдерінің сөзіне жазылған әндерді орындап, өлеңдері мен поэмаларын мәнерлеп жатқа оқыды.

Отбасыларынан, жандарына жақын жандардан жырақта жүрген жазалы жасөспірімдер ақынның жырларынан сая тауып, көңілдеріне медеу, күйлеріне демеу тапқандарын дәлелдей білді. Сайысқа бар ынта-жігерлерін сала дайындалғандары көрініп-ақ тұр, шын ниеттерімен, ықыластарымен орындаған жасөспірмдердің еңбектері еленді. №3 ЖББМ КММ директоры Атенова Зәуреш Оразқызы қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, мақтау қағаздарын табыстады. Оқушылардың өнеріне жеке-жеке тоқталып өз бағасын берді, алғыс білдірді. Сонымен қатар №2 кәсіптік мектеп директорының орынбасары Қасымов Жасұлан Жанабекович те пікірін білдіріп,өнерлері өрге озған оқушыларға алғыс хаттарын табыс етті.

Осындай шараларды жиі өткізіп, жазалы жасөспірімдердің қоғамға оң көзқарастарын қалыптастыру мекеме қызметкерлері жоспарларының негізі болып есептеледі.

Е.ЖЕҢІСХАН
ЛА-155/6 мекемесі

МҰРАГЕРЛІК

5. 31 тамыз 2021жылы қайтыс болған Кабошева Жулдыз Шапагатовнаның атына мұралық іс ашылды. Мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард 3 шағын ауд, 75 үй, 3 кеңсе нотариусқа А.А.Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

7. 17.08.2021 ж. қайтыс болған Демеуова Несибелидің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 3В үй мекенжайы бойынша нотариус М.Қ. Бердалиеваға келуі қажет. Тел.: 87027772722.

8. 22.08.2021 ж. қайтыс болған Азат Мұқтарияттың артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Н.Ж. Кайнарбековаға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көшесі,81А үй.Тел.87277624064.

9. 8.07.2021 ж. қайтыс болған Байысбаев Беделхан Мейрамовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Алматы қаласы, «Шұғыла» ықшамауданы, 347/2 үй мекенжайы бойынша нотариус Н.М. Сейсенбаеваға келуі қажет. Тел.: 87014356440.

ӘРТҮРЛІ

2.«МҚҰ Сенің Ақшаң» ЖШС,БИН 191240012793 өкілетті органға микроқаржылық қызметтің жүзеге асырылуға берілген лицензиясының әрекетін ерікті түрде тоқтату туралы өтінішпен жүгінуге ниетті екенін хабарлайды.

ТАРАТУ

6.«Decurio» ЖШС, БСН 030840017365 (Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 111 үй, индекс 050000), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Іле даңғыл жолы, 21А үй. Тел.: 87273930918.

Атырау облысының судьялар корпусы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті Сот кеңсесінің меңгерушісі Болат Ауелбекұлы Жуламановқа әкесі

Ауелбектің

дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Атырау облысының судьялар корпусы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Аслан Сұлтанұлы Тукиевке әкесі

Сұлтанның

дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ҮМІТ ПЕН КҮДІК

(Соңы. Басы өткен №12-санда)

Істі қараған полиция қызметкерлері «Мұнда ешқандай қылмыстық құрам жоқ, дәлел болатын дәйекті де көрмей тұрмыз» деп арызды кері қайтарды.

Бизнесмен, меценат, миллионер Шәкеннің соңына өзі түсіп, ақыры өзімен де сөйлесті. Сақал-мұрты қап-қара, бірақ төбесінде қылтанақ жоқ еңгезердей Шәкен Тоқанұлы Ғайшаны кабинетіне кіргізіп, арыз-мұңын асықпай тыңдап алды. Ғайша әкелген суреттерді де сазарып отырып қарап шықты.

– Апай, сіз кешіріңіз, бірақ мен сіздің қызыңызды мүлдем танымаймын. Істі маған әкеп тіреп қойған тергеушілердің не мақсаты бары белгісіз. Оларды менің атыма кір жаққысы кеп жүргендер деп білемін. Алдағы сайлауда депутат болсам деп ниеттеніп жатыр едім. Сондықтан менде уақыт аз. Қызыңызды тауып алуыңызға тілектеспін. Қолымнан келетіні сізге қаржылай көмек беру. Айтыңызшы, сізге қанша ақша керек? – деп Ғайшаға тіке қарады.

Жанары өткір екен. Тіпті, тесіп түсердей. Ғайша абдырап барып әрең есін жиды.

– Мен сенен ақша сұрап келіп отырған жоқпын! Қызымды іздеп, қандай да бір хабар алу үшін табанымнан тозып жүрмін. Ақша маған бала болмайды. Баламды қайтар, оңбаған! – деп ақырып, ойындағы күдігін ақтарып, месқарынды бас-көз демей төпелей жөнелді.

Дәудің оққағарлары да әккі екен. Қолы тиер-тиместен Ғайшаны тік көтеріп, кабинеттен шығарып тастады. Ал Шәкен Тоқанұлы ар-намысымды былғады, балағаттады, өзіме қол жұмсады деп Ғайшаның үстінен сотқа арыз түсірді. Бұл тек ескерту, енді мұндай жағдай қайталанса, қатаң жаза сұраймын депті арызында. Осылайша Ғайшаның тілі байланып, қолы қысқарды.

Кіші Ғалия

Бүгінде Ғайша қалада тұрады. Балалардан бөлінбейік деген күйеуінің ақылы. Ауылдағы мал таусылған. Жырмыштап жиып жүріп күйеуі екеуі басқа балаларын да оқытып, үйлі қылды. Немере сүйді. Обалы не керек, бала-шағадан қызық көрер шақта күйеуі жаман аурудан қайтыс болды. Оған да міне 2 жылға жуықтапты. Сабырлы, біртоға адам еді жарықтық. Ғалияның жоғалғанын, Ғайшаның қайғырғанын жүрегіне түсіріп алған деді үлкендер.

Ал соңғы жиырма жылда 40 жылға қартайған Ғайша Ғалиядан әлі де үміт үзбеген. Үлкен ұлы қызына Ғалия деп ат қойғанда бұлқан-талқан ашуланып еді. Бірақ үлкендер сабырға шақырып, ақылға жеңдірді. Сол Ғалия бүгінде бауырында. Аялап жатып ұйықтап, айналып жатып оянады. Былдыр-былдыр тілі шығып келеді. Жұмыс деп жүріп, тіршілік деп жүріп үлкен Ғалияның қылығына мән де бермеген екен. Ол да осындай тәтті болды-ау деп ойлап қояды қарт ана.

Азапқа салған арман

Таяуда теледидар көріп отырып Ауғанстаннан елге қайтсақ деп жатқан қазақтардың жайын құлағы шалып қалды. «Мына жақта соғыс тоқтамай жатыр. Бізге жәрдем беріңдер» деп зарлап отырған ананың қасындағы оранып алған қыздарға көзі түсіп, есі ауып қалғандай болды. Немересіне ғаламтордан әлгі бейнені таптырып алып, қайта-қайта қарады. «Иә, бұл Ғалия. Дәл өзі. Мынау нақ соның көзі» деп күбірлей берді, күбірлей берді.

Ауғанстаннан елге оралғандар тізімі газетке жарияланды. 50-ге жуық адамның ішінде 20 жылдан аса із-түзсіз кеткендер тізімінде жүрген Ғалия Ж. деген азаматтың есімі бар деп тілші сүйінші сұрапты. «Бұл күнді көрсеткеніңе шүкір. Саған талай тіл тигізіп едім, мен бейбақты кеше гөр, Құдайым!» деп іштей күбірлей берді. Иә, ана жүрегі жаңылмаған екен. Үміті алдамаған екен. Тілшімен тілдескен Ғалия өзінің бастан кешкендерін, көрген сұмдығы туралы да айтыпты. Ғайшаның түсінгені қызы алдымен Түркияда болған. Кейін Сирияда, Иранда одан кейін Ауғанстаннан бір-ақ шыққан екен. Қазақстанға 10-ға толған Ғайша атты қызымен келіпті.

«Бүгінгі Қазақстан» газеті көлемді етіп жазылған «Ғалияның ғазалы» атты материалымен талай адамды жылатты.

«Шетелде оқу бала күнгі арманым еді. Заңды оқып, елге келіп сот болсам дейтінмін. Бірақ, арманым орға жықты. Сыртта оқығысы келетін жастарға Шәкен деген азамат көмектеседі дегенді естіп, сол кісімен жолықтым. Көзі өңменімнен өтетін, шомбал келген жігіт ағасымен жарты сағатқа жуық сұхбаттастым. Мен туралы, менің армандарым туралы әңгіме соңында әлгі кісі қамқорлық таныта сөйлеп: «Айналайын, саған арнайы емтихан тапсыру керек. Сондағы жинаған балыңа қарай шетте оқу-оқымауың белгілі болады. Ертең емтихан тапсыруға бәленбай деген мекенжайға кел. Өзіңмен бірге барлық құжаттарыңды алып кел» деп шығарып салды.

Торға түсірген «тосын сый»

Қалайда арманына қол жеткізуді ойлаған Ғалия қолдау көрсетемін деген азаматтың талабын мүлтіксіз орындауға күш салды.

– Үйге келе сала сабақтарымды пысықтап, емтиханға дайындалдым. Емтиханнан өтіп алмайынша ешкімге тіс жармаймын, бұл менің ата-анама тосынсыйым болсын деп шештім.

Айтылған мекенжай – қала сыртындағы аумағы атшаптырым коттедж екен. Қоғамдық көлік бармайтындықтан 3-4 аялдамадай жерді жаяулап жүріп отырып айтылған уақыттан кешігіңкіреп жеттім. Есік алдында күзет қызметі бар екен. Мен туралы іштегілерге телефон арқылы айтып еді есік ашылды. Өмірімде мұндай әдемі ауланы, әдемі үйді көрмеген едім. Аңтарылып жан-жағыма алақ-жұлақ қарап, өзін емтихан қабылдаушымын деген келіншектің артынан ілесіп келемін. Үйдегі кітапхана бөлмесіне енгенде алдымнан Шәкен аға шықты.

– Аманбысың, Ғалия?! Біз кеше қай уақытқа келісіп едік? Неге кешігіп жүрміз? Әлден осындай болса, шетте оқығанда қайтпексің? Қазақтар уақыттың қадірін білмейді. Ал, шетелдіктер үшін әр секунд санаулы. Ұқтың ба? Жылдам мына үстелге жайғас та, емтихан тапсыруға дайындал, – деп зеки сөйледі.

Кешігіп кінәлі болғандықтан міңгірлей амандасып, ағай көрсеткен үстелге жайғастым. Емтихан қабылдайтын келіншек құжаттарымды көшірме жасатуға алды. Ал маған емтихан сұрақтарың деп пышақтың қырындай кітапшаны ұстатты. Алдыма су толы графин мен бокал қойды. Шөлдеп кеткен едім. Бөлмеде ешкім болмаған соң бір бокал суды басыма бір-ақ төңкердім. Кітапшаның алғашқы беттерін ашып оқи бастадым. Бұрын-соңды оқымаған пәндер, бейтаныс сұрақтар. Тынысым тарылып, басым айналғандай болды. Шетелде оқымақ болған арманым алыстап бара жатқандай. Таңдайым кеуіп тағы су құйып іштім. Сап-салқын су сергіткендей болады. Бірақ бір дел-сал күй кешіп, көзімді әрең ашамын. Сөйтсем маған су деп ұсынғандары у екен. Қалай ұйықтап кеткенім есімде жоқ.

Есімді көлікте жидым. Қасымда Шәкен аға отыр. Тағы бір сақалы қауғадай еркек алдыңғы орында отыр екен. Маған қарап көзін жымыңдатып қояды. Денем түршігіп кетті.

– Ғалия, бұл Умар деген азамат. Сені Түркияда оқытады. Мен бәрін келісіп қойдым. Жатын орның, тамағың, тіпті, оқу орныңа дейін келісілді. Еш алаңдамай біліміңді ал. Ата-анаң мен бауырыңа жағдайды өзім түсіндіріп айтамын. Бастысы – Умар мырзаның айтқанын айнытпай жаса.

– Біз қайда барамыз? Шәкен аға, мен ешқайда барғым келмейді. Көлікті тоқтатыңыз! Осы жерден түсіп қалам. Басым сынып барады, – дегенімді ешкім тыңдамады да.

– Сен әлі маған рақмет айтатын боласың, Ғалия. Әлі-ақ елге оралып, үлкен қызметтер атқарасың. Бастысы – қазір тәуекелге бел бу. Жемісін кейін көресің, – деп аузы-аузына жұқпайды.

Меңз-зең күйде көз жұмдым. Ар жағы өң мен түстің арасындай болды. Өзім жүре алмайтындықтан мені қолтықтап әкеп шағын ұшаққа Умар мырза мінгізді.

Қанша уақыт өткенін білмеймін, есімді тар бөлмеде жидым. Қапырық. Шөлдеп жатырмын. Су ішпек болып қармансам қолымда кісен сылдырлайды. Аяғыма да салыныпты. Шаруамның біткенін сонда білдім. Оқимын деген арманым өліп қалмасам екен деген тілекке ұласты.

Некемізді бір сығыр молда қиып, Умар мырза мені әйел қып алды. Қарсыласпақ болғанымды ешкім тыңдамады. 1-2 күн «күйеуімнің» қасында болып, тыңайып қалғандай едім. «Мен алысқа іс-сапарға кетіп барам. Әзірге осында бол, келген соң оқуыңды реттейміз» деп Умар мырза түрікше-орысша араластырып түсіндірді. Үміт оты жылт етті.

Қожайын

Сығыр молда мені бұрынғы жатағыма апарып тастады. Тұрып жатқанымыз айдаладағы алып қамалдың іші секілді. Ештемені айырып болмайсың. Күн шығады, түн батады. Айына 1-2 рет айдауыл Умар мырзаның жатын бөлмесіне ертіп апарады. Өркениет деген тек сол бөлмеде секілді. Оқуым туралы айта бастасам, қожайыным қабағын түйіп, сес көрсетеді. Болмаған соң соққыға жықты. Осылай жылдан аса уақытым өтіп кетті. Ол жаққа қар жаумайды екен. Ешкіммен сөйлесуге рұқсат жоқ. Сондықтан нақты қанша уақыт өткенін айырып болмайсың. Бір күні «күйеуім» шаруасын тындырып болған соң, сығыр молданы шақырып мені «талақ» етті. Бұған дейін көргенім әшейін бер жағы екен. Енді сығыр молда мені күнде біреумен некелестіреді. Күнде біреу маған талақ айтады. Талай рет өз-өзіме қол жұмсауды ойладым. Бірақ одан түк шықпады. Бірде қатты ауырдым. Басым зеңіп, жүрегім айнып, ішім ауырды. Қамалдың бір тар бөлмесінде дәрігер бар екен. 3-4 күннен бері бүк түсіп, қан түкіріп жатқан мені соған жеткізді. Дәрігер түрлі ем-дом жасады. Дәрі егіп, тамырыма ине салды. Содан ұзамай түсік тастадым. Сөйтсем ішімде 3 айлық бала болған екен. Көз жасымды көлдетіп, шындап өлмекке әрекет жасадым. Буынбақ та болдым, тамырларымды тістеп аршып тастамақ та болдым, бірақ күзетшілер кіріп келеді де төсекке таңып байлап тастайды. Сөйтсем мені камерадан бақылап отырады екен ғой.

Күндердің бір күнінде Осан атты жас жігітпен «некелестім». Әжептеуір түрікше біліп алғам. Осанға бар мұң-зарымды айттым. Мені талақ етіп тастамауын өтіндім. «Саған адал жар боламын» деп ант-су іштім. Жас жігіт көнді. Бірде ол сапарға шығатын болып, мені өзімен бірге әлгі қамалдан алып шықты. Барған жеріміз Сирия деген ел екен. Күнде соғыс, күнде қантөгіс. Мен бұрынғыдай «тұтқын» емеспін. Бірақ мынадай майданнан гөрі бейбіт күннің тұтқыны болғаным дұрыс еді деп ойлап қоям. Себебі, күнделікті бір танысымыз, кейде тіпті бірнеше адам қайтыс бопты деп естиміз. Алладан Осанның амандығын тілеп жүрдім. Бірақ бір күні ол да қайтыс болды. Мен қара жамылып қала бердім. Ақсақ-тоқсақ, бала-шағадан құралған біздің ауыл бір күні Иранға көшеміз деді. Иранның Қазақстанға жақын екенін мектептен білуші едім. Көшкенше асықтым. Жаяужалпы көштік. Бастапқыда күніне 15-20 шақырым жүруші едік. Кейіндері 5-10 шақырымды ғана бағындыратын болдық. Тоқтаған елді мекендерде жан бағу үшін жалданып еңбек еттік. Әйтеуір 3-4 жылдай жүріп Иранның шекарасына да жеттік-ау. Мұсылман ел ғой. Құжаты жоқтарды бөліп алып, пойызбен жөнелтті. Ауғанмен шектесетін жағына жеткізген екен. Осы жерден ұлтымызға қарай қыстақтарға бөлді. Мен секілді жастау келген 4-5 келіншекті жатақхана секілді ғимаратқа жайғастырды. Әбден тыныығып, өз-өзімізге келген соң бұйырған жұмыстарды істеп жүрдік. Тұмшаланып киінеміз. Үй тазалығы, аула тазалығы, кір жууға жауаптымыз. Бірде түн ортасында жатақханада тұрып жатқан 5 келіншекті бір қауға сақал көлігінің артына тиеп алып кетті. Ауған содырларына сатылып кеткенімізді кейін білдік қой...

Сөйтіп, елге оралам деген арманым тағы алыстап қала берді. Ауған жерінде күнде жарылыс, мылтықтың дауысы үйреншікті құбылыс секілді. Ешкім елеңдемейді. Жер асты жолдары арқылы байланысқан үйлердің арасында «серуендеп» жүргенің. Бізді әскерилер лагеріне әкеп тастады. Мұнда да әйелдің жұмысы көп екен. Тамақ жасап, үй тазалап жүрдік. Әскер бастығы – қожайынымыз, айтқаны – заң. Көрген құқайымның бәрін айтып қайтем. Әйтеуір, шықпа жаным шықпамен жүрдік. Күндердің күнінде өзбек келіншекпен таныстым. Соның айтуы бойынша, қазақтарды таптым. Ерсін атты әскери жігітпен танысып, некелестім. Ол мені шешесінің қолына қалдырып, өзі әскер ісімен кетті. Содан қайтып оралмады. Ал біз айдаладағы бір қыстақта қала бердік. Ұзамай мен босандым. Қызыма ойымнан бір сәт шықпайтын шешемнің есімін беріп Ғайша деп атадым. Қызым 6-ға толғанда қалаға көштік. Жан нәсіп қылып, тамағымызды тауып жеуге ұмтылдық. Аядай бөлмені жалға алып, жағдайымыз жақсарып, енді құжаттарымды реттемек боп жүргенде тағы соғыс басталды. Бас сауғалап жүрген өзбек, түрік ағайындармен кездесіп қалдық. Олар арнайы бейне түсіріп жан-жаққа таратты. Тұңғыш болып тіл қатқан өзіміздің қазақтар болды. Өкпеге қиса да бірін-бірі өлімге қимайтын қаракөздерімді қатты сағындым. Әке-шешемді, бауырларымды қатты сағындым» деп жылапты Ғалия.

Кездесу

Көз жасына ерік берген қарттың «Ғайша ғазалын» толық оқуға шамасы келмеді. Көз алды тұманданып, басы айналып, кәлимасын қайталай берді. Ұзамай полиция бөлімінен хабарласып ертең қызымен кездесуге апаратынын айтты. Ел өлдіге санаған, өзі 23 жыл бойы іздеген қызын ертең көретініне сенер-сенбесін білмей дал болған ана Құдайға сыйынып, бергеніне де, алғанына да шүкір айтты. Тезірек таң атуын тіледі. Бұйырса, енді әулетте екі Ғайша, екі Ғалия бар. Өшкенің жанып, өлгенің тірілді деген осы шығар.

Ауған жерінен келген қазақтар тізімі жария болған соң бір апта өтер-өтпестен биік лауазымда отырған Шәкен Тоқанұлы өз-өзіне қол жұмсапты деген хабар гу ете қалды. Алмаған атағы жоқ, бағындырмаған қызметі қалмаған азаматты жер қойнына тапсырған жұрт жыламапты да дейді көргендер.

Данияр БОЛЫСБЕКҰЛЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №21 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31